

Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енгізілген Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығында тоғай кермаралын аулау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 1889

Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығында жерсіндірілген тоғай кермаралының биологиялық ерекшеліктерін одан әрі зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен және Қаржы министрлігімен, Ұлттық ғылым академиясымен Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығының өзіне бекітілген аумақтан 1995-1996 жылдары он бас тоғай кермаралдарын алуы жөнінде келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығына он бас тоғай кермаралын аулауға рұқсат берсін және берілген рұқсаттың дер кезінде пайдалануына бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі